

Кенжебаева А.Ә.
**«Әйелдер әдебиеті»
қазіргі заман әдебиеті
контекстінде**

Берілген мақалада «әйелдер әдебиетінің» қазіргі заман әдебиеті сахнасында алатын орны мен еркешелігі, оның зерттелу деңгейі туралы сөз болады. Автор белді қытай, орыс, қазақ ғалымдарының зерттеулерінің нәтижесіне сүйене отырып, әйелдер шығармашылығының адамзат мәдениетімен бір кезеңде туындаған, бір қайнардан бастау алған құбылыс және тарихи-әдеби процестің бөлінбес бөлшегі ретіндегі рөліне жан-жақты сипаттама береді.

Түйін сөздер: әйел әдебиеті, авторлық позиция, әйел мәдениеті.

Kenzhebaeva A.A.
**«Women's literature»
in the context of contemporary
literature**

This article discusses the role of women's literature and its further development and approval in line modern literary process. The author also gives an analysis of topical issues of the study of women's prose

Key words: women's literature, the author's position, women's culture.

Кенжебаева А.А.
**«Женская литература»
в контексте современной
литературы**

В данной статье рассматривается вопрос о роли женской литературы, ее дальнейшем утверждении и развитии в русле современного литературного процесса. Автор также дает анализ актуальным вопросам исследования женской прозы.

Ключевые слова: женская литература, авторская позиция, женская культура.

**«ӘЙЕЛДЕР ӘДЕБИЕТІ»
ҚАЗІРГІ ЗАМАН
ӘДЕБИЕТІ
КОНТЕКСІНДЕ**

Бұл ғасырда нәзік жыныс өкілдерінің ой-сана жағынан өсіп қана қоймай, бойындағы барлық қаблет пен дарынын көрсетерлік мүмкінділіктерін ашып, дәлелдеп жату артық шығар. Әсіресе әйелдің адамзаттық рухани байлығы көріністерінің ең айқын түрлерінің бірі – көркем творчествосының әдебиет көкжиегінен өзінің тұрақты да тұрғылықты орнының қалыптасқандығы және әйелдер шығармашылығының бұл күнде тарихи-әдеби процесінің бөлінбес бөлшегін құрайтындығы баршаға аян.

Көптеген халықтар әдебиетінде әйелдер шығармашылығы туралы баспасөзде құнды пікірлер айтылып, кітаптар басылып, жүйелі зерттеулер жолға қойлып келеді. Мәселен, орыс әдебиетінде Абдулина Л.И. «Әйел прозасындағы автор мен авторлық позиция проблемасы» атты зерттеу жұмысында алғашқы кәсіби орыс әйел жазушыларының көркем шығармашылығының ерекшелігін ашып көрсетеді [1]. Ал түркімен әдебиетінде әйел-қыздарының шығармаларының толық мәтінмен берілген «Женское поэтическое творчество» атты кітап басылып шыққан [2]. Сол секілді грузин әдебиетінде Капашвили Ш. «Женщины книжницы в древней Грузии» [3], қытай әдебиетінде Се Улян «Қытайдағы әйел әдебиетінің тарихы» [4], Жэн Имиң «Қазіргі таңдағы Қытайдағы әйел әдебиетінің дамуы» [5], төл әдебиетімізде С. Айбергенова «Қазақ ақын әйел шығармашылығындағы дәстүр жалғасты» деген тақырыпқа ғылыми еңбек жазған [6]. Бұл зерттеулерде ең алғашқы рет әйел шығармашылығының өзіндік белгісі айқындалып, әдеби эволюция фактісі ретінде алғашқы кәсіби әйел қаламгерлердің көркем шығармашылығының ерекшеліктеріне талдау жасалған. Мұндай зерттеулер Қытай, ТМД елдері және батыстағы ХХІ ғасырда қайта жанданып отырған феминистік қозғалыс барысында ерекше ғылыми маңыздылыққа ие болып отыр, оған жан жақты өткізіліп жатқан «Ресей және қаламгер арулар» (Потсдам-2009, май), «Әйел және мәдениет» (Пекин-2010, сентябрь), «Әйел мәселесі және мәдениет» (Монреаль-2012, июнь) атты халықаралық конференциялар, Шанхай, Хельсинки Стокгольмде және Еуропа, ТМД, Қытайда өткізілген ғылыми коллоквиумдер дәлел бола алады.

Бүгінгі таңда әйелдің қоғамдағы орны, деңгейі өсіп, ой-таным шеңбері ұлғайып, көкжиектен көтеріліп отырған шақта өзінің қабілет-дарынын, рухани байлығын әдебиет айдынында

шығаруға ұмтыла түсуі де заңды. Өйткені жаңа дәуір ағысымен әлемді әйел шығармашылығы дәстүрлі арна ретінде жиырмасыншы ғасырдың аяғына таман жан жақты танылып отыр. Бұл әдеби арна тек әйел мен ер арасындағы қарама қайшылықты, әйел санасының өзіндік белгісін, жеке басынан өткізгенін, қасіретін көрсетіп қоймайды, мұнда әйел шығармашылығы өз заманы үшін жаңа, әйел тұлғасының өзін өзі актуалдандыру идеясын қойып отыр.

Әйел шығармашылығының зерттеу ағысы өз кезегінде белгілі ғалым Ю.М. Лотман атап өткен «әйел мәдениеті» атты құбылыспен тікелей байланысты. Ғалым өзінің «орыс мәдениеті жайлы» еңбегінде әйел әлемі мен ер әлемінің өзгешелігін тани отырып: «әйел мәдениеті дегеніміз-ұл тек әйелдердің мәдениеті ғана емес. Ол мәдениетке деген өзгеше көзқарас, оның көпүнділігінің ең қажетті бөлшегі» – деп атап көрсетеді [7]. Зерттеуші О. Гаврилина «әйелдер әдебиеті» атты ұғымды екі түрлі мән-мағынамен байланыстырады: «...в широком смысле – это все произведения, написанные женщинами, вне зависимости от того, придерживается ли автор в своем творчестве позиций феминизма или следует патриархальным традициям. И в узком понимании – это круг текстов, в основе которых лежит собственно женский взгляд на традиционные общечеловеческие проблемы (жизни и смерти, чувства и долга, взаимоотношения человека и природы, семьи, и многие другие)» [8]. Ал қытай ғалымы Тан Жэнби «қытай әйел әдебиетінің тарихы туралы» («Чжунгуо нюйсин вэнсюе шы») деген еңбегінде: «әйел шығармашылығы қоғамдық қажеттіліктен туындаған әдеби болмыстың бір тармағы. Ол адамзат мәдениетімен бір кезеңде туындаған, бір қайнардан бастау алған, алайда даму формасы мен жолы өзгеше қалыптасқан құбылыс» – дейді [9].

Ғалым Ж. Сұлтанғалиева бұл ойды әрі қарай дамытты: «Бүгінгі әйелдің рөлі, жауапкершілігі артып, олардың сана сезімі, ақыл-ой дәрежесі жаңа бір сатыға көтеріліп отырған шақта, әйелдер творчествосына тән ерекшеліктердің де бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Қаламгер аруларымыз барлық адамзатқа тән махаббат, бейбітшілік, өмір тақырыптарын өздеріне тән ыстық жүреппен, әйел сезімімен толғайды» [10].

Бұған қоса белгілі бір жылдар арасында қазіргі заман қытай әдебиетінде да әйел шығармашылығы, ондағы дәстүр жалғастығын сөз еткен ғылыми мақалалар, еңбектер қатары көбейе түсті. Бұл салада қытай ғалымдары Цзун Пу, Тан Жэнби, Цао Ы, А Ин, Чжан Жогу, Хэ

Юйбо, Лю Ван И, Ли Цзиншуларды ерекше атаған жөн. «Әйел прозасының концептуалды зерттеудің алғашқы әрекеттері туралы қозғасақ, Тан Жэнби бастаған топтың әдеби теориялық, эстетикалық ой-пікірлерінің тарихи қызметін, аса маңызды міндеттер атқарғанын айтпауға болмайды. Ұлы сыншы әдебиет теориясы мен эстетиканың тарихында әйел шығармашылығының әдебиет өміріндегі орнын, мән-маңызын дұрыс тани алды. Әйел шығармашылығы жөнінде өз кезінде орыстың белді сыншылары, жазушылары В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский. И.В. Киреевский. А.А. Бестужев-Марлинскийлер де өз пікірлерін білдіріп, ең алғашқылардың бірі болып әйел шығармашылығының болашағына үміт артқан. Бұл ретте әйел психологиясының ерекшелігіне теориялық тұрғыдан жан-жақты дәйектемелер берген.

XX ғасырдағы белді философтар мен психологтар В.В. Розанов, Н.А. Бердяев, О. Вэйнингерлердің және ғалымдар Н. Габриэлян, О. Гаврилина, О. Дарктердің ой-пікірлерінің ғылыми тұрғыдан ерекше қызығушылық туғызғанын да атап өткен жөн. Әйел санасының өзіндік ерекшелігін танып, оны «әйел мәдениетімен» байланыстырған ғалым Ю.М. Лотман да өз еңбектерінде бұл мәселеге мәдениеттану тұрғысынан сипаттама береді. Аталған еңбектерді негізге ала отырып, әйелдер прозасы әдебиеттану категориясы ретінде әлі де қалыптаса алмаса да, бұл мәселе төңірегінде белсенді түрде игеру процесі басталды деп айтуға болады. Әйел шығармашылығының ерекшелігі туралы сыншылар – әйелдің бағынышты жағдайдағы ішкі жан дүниесін елең қылмаған қоғам билігі аясындағы әйелдің әлемін тануға деген құлшынысы деп таныды. Екіншіден, тағы бір өзгешелігі ретінде – қаламгерлердің өзіндік талдауға деген ұмтылысын айтуға болады. Себебі бағзы замандардан әйел заты ой тую, толғаныстарын ой елегінен өткізу, талдау жасау секілді қабілеттерден ада, тек сезім жетегіндегі жандар ретінде танылған. Аталмыш құбылыс шынымен ақ айырықша қасиеттермен көзге түскен құбылыс еді. Келесі ерекшелік деп – сан қилы күрделі де шым-шытырық адами қатынастардың нәзік нүктелерін дөп басып жеткізе білуі және өткірлік қасиеті еді. Сыншалардың пікірінше, назар аударуға тұрарлық ең маңызды нәрсе – әдебиет сахнасына ендігі жерде жаңа өтпелі кезеңнің бар қиыншылығын өз бойына топтастырған жаңа кейіпкерлердің (әйелдердің) дүниеге келуі болды.

Жыныс теңдігінің келуімен басталған XX ғасыр бұл бағыттағы сыни ойдың жан-жақты

дамуына мүмкіндік бермеді. Тек аталған ғасырдың аяғында ғана аталған проблемалар түйіні біртіндеп шешіле бастады. Мұндай бағыттағы зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар арасынан Н. Габриэлян, Е. Трофимова, О. Дарк, М. Арбатова, Тан Жынби, Се Улян, Жын Имин есімдерін атауға болады.

XX ғасырдағы белді философтар мен психологтар В.В. Розанов, Н.А. Бердяев, О. Вэйнингерлердің және ғалымдар Н. Габриэлян, О. Гаврилина,

О. Дарктердің ой-пікірлерінің ғылыми тұрғыдан ерекше қызығушылық туғызғанын да атап өткен жөн. Әйел санасының өзіндік ерекшелігін танып, оны «әйел мәдениетімен» байланыстырған ғалым Ю.М. Лотман да өз еңбектерінде бұл мәселеге мәдениеттану тұрғысынын сипаттама береді. Аталған еңбектерді негізге ала отырып, әйелдер прозасы әдебиеттану категориясы ретінде әлі де қалыптаса алмаса да, бұл мәселе төңірегінде белсенді түрде игеру процесі басталды деп айтуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Абдулина Л.И. Проблема автора и авторская позиция в «женской прозе». Дисс. на соискание уч.степени к.ф.н. – Алматы, 1997, – С. 189.
- 2 Женское поэтическое творчество. – Ашхабад: Ылым, 1982, – С. 156.
- 3 Капашвили Ш. Женщины книжницы в древней Грузии. Дисс. к.ф.н. – Тбилиси, 1974, – 234 с.
- 4 谢无量“中国妇女文学史” 中国人民大学出版社, 324 页.
- 5 任一鸣“中国一女性文学的现代演进, 香港, 1997, С 95.
- 6 Айбергенова С. Қазақ акын әйел шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы, Филол.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 1995, – 181 б.
- 7 Лотман Ю.М. Беседы о русской культуре: быт и традиции русского дворянства (XVIII-XIX вв.). – СПб.: Искусство. – СПб, 1994.
- 8 Гаврилина О.В. Чувство природы как один из способов создания образа героини в женской прозе //Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. – 2009. – № 2 (26). – с.105 – 114.
- 9 谭正璧/中国女性文学史, 天津: 百花文艺出版社1985, 433页.
- 10 Сұлтанғалиева Ж. Мінез жасау мәселелері. Канд.дисс. – Алматы, 1986. – 7 б.

References

- 1 Abdullina L.I.Problemy avtora I avtorskaya pozicia v «jenskoj proze». Dissertacia na soiskanie uch.stepeni k.f.n. – Almaty, 1997, – С 189.
- 2 Jenskoe poeticheskoe tvorchestvo. . – Ashhabad: Ylym, 1982, – p 156.
- 3 Kapashvili Sh. Jenschiny knizhnicy Drevnei Gruzii. Diss. k.f.n. – Tbilisi, 1974, – 234 p.
- 4 Xie Wuliang/ Zhongguo funu wenxueshi//zhonguo renmindaxue chubahshe 324 P,
- 5 Ren Yiming/ Zhonguo funu wenxuede xiandai yanjin// Xianggang 1997, С 95.
- 6 Aibergenova S. Kazak akyn aiel shegarmashelegendage dastur jalgastegge// Fil.gel.kang. darejesi alu ushin jazelgan diss. Almaty, 1995, 181 P.
- 7 Lotman U.M. Besedy o russkoi kulture: Byt I tradicii russkogo dvorianstva.(XYIII-XIX vv.) CPB.
- 8 Gavrilina O.V. Chuvstvo prirody kak odin iz sposobov sozdaniya obraza geroini v jenskoj proze / Vestnik Leningradskogo gosudarsvennogo universteta im. A.S Pushkina. – 2009. – № 2 (26). – p.105 – 114.
- 9 Tan Zhengbi. Zhongguo nvxing wenxueshi, Tian Jing: baihua weny chubanshe 1985, 433 p.
- 10 Sultangaliev J. Minez jasau maselelri. Kand.diss. – Amaty, 1986. – 7 p.